

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



**ҚАЗІРГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР КОНТЕКСІНДЕГІ
ШЫҒЫС ЕЛДЕРІ: ПРОБЛЕМАЛАРЫ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУДІҢ
ЖАҢА ТАЛАПТАРЫ**

**халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның
материалдар жинағы
25 сәуір 2023 жыл**

**СТРАНЫ ВОСТОКА В КОНТЕКСТЕ СОВРЕМЕННЫХ
МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ: ПРОБЛЕМЫ И НОВЫЕ
ПОДХОДЫ ИССЛЕДОВАНИЯ**

**сборник материалов
международной научно-практической конференции
25 апреля 2023 г.**

**collection of materials
international scientific and practical conference
THE COUNTRIES OF THE EAST IN THE CONTEXT OF
MODERN INTERNATIONAL RELATIONS: PROBLEMS AND
NEW REQUIREMENTS FOR RESEARCH**

25 April, 2023

**НҰР-СҰЛТАН
2023**

УДК 327
ББК 66.4
Қ22

Ұйымдастыру комитеті

Төраға:

Сыдықов Е.Б., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ басқарма төрағасы-ректор

Төрағаның орынбасарлары:

Мақыш С.Б., Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор
Құрманғалиева Ж.Д., Басқарма мүшесі – Ғылым, коммерцияландыру және
интернационалдандыру жөніндегі проректор

Мүшелері:

Қосыбаев М.М., Калиева А.Б., Биримкулова Г.У., Тулеубаева С.А., Әлібекұлы А.

Құрастырған: Әлібекұлы А.

Қазіргі халықаралық қатынастар контексіндегі шығыс елдері: проблемалары және зерттеудің жаңа талаптары. Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинағы – Нұр-Сұлтан, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 112 бет.

ISBN 978-601-337-866-4

Бұл жинаққа қазіргі шығыс елдерін зерттеудің теориясы мен методологиясын, Таяу Шығыс, Шығыс Азия, Оңтүстік Азия және Орталық Азиядағы аймақтық мәселелерді, шығыс елдерінің тарихын, мәдениетін, тілін, әдебиетін, экономикасын, әлеуметтік жағдайларын қарастырған ғалымдардың, докторанттар мен магистранттардың мақалалары енгізілді.

Жинақты шығыс елдерінің дамуы мен рухани құндылықтарына қызығушылық танытқан шығыстанушылар, аймақтанушылар, филологтар және тарихшылар ғылыми-ізденіс жұмыстары барысында қолдана алады.

Мақалалар авторлық редакцияда жарияланды.

ISBN 978-601-337-866-4

УДК 327
ББК 66.4



© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023

2. Орынбеков М. Ежелгі қазақтың дүниетанымы / М. Орынбеков. - Алматы: Ғылым, 1996. 168 б.
3. Кумеков Б.Е. Государство кимеков IX-XI вв по арабским источникам. –Алма-Ата: Наука, 1972. 156 с.
4. Көмеков Б.Е., Ильясова З.С. Ыақұттың «Му‘джем әл-булдан» (XIII ғ.) жағрафиялық жинағы - Қазақстанның ортағасырлық тарихының дерегі. -Алматы: Қазақ университеті, 2011. 245 б.
5. Путешествие Ибн-Фадлана на Волгу / под редакцией Академика И.Ю. Крачковского. – Москва: Издательство Академии Наук СССР, 1939. – 212 с.
6. Вторая Записка Абу Дулафа. Издание текста, перевод, введение и комментарии П. Г. Булгакова и А. Б. Халидова. –М.: Издательство восточной литературы, 1960. -140 с.
7. Материалы по истории туркмен и Туркмении. Т. 1 / Под ред. С.Л. Волина, А.А. Ромаскевича, А.Ю. Якубовского. М.; Л.: Изд-во АН СССР, 1939. 612 с.
8. Әбжет. Б. Түркі қағанаты тұсындағы политеизмдер // Түркология, №5, 2012. 36-44 бб.
9. .540 ص - .1979. بيروت. المجلد3. - معجم البلدان.
ا. 540 ص - .1979. بيروت. المجلد1. - معجم البلدان.
10. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М.: Наука, 1967. – 540 с.
11. Арабские географы и путешественники IX-XII вв. /Вступ. ст., пер. С араб., коммент., тексты и факсимиле Б.Е. Кумеков, Р.Б. Кумекова. Отв. Ред. А.К. Муминов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2010. Т. 2. 328.
12. Қартабаева Е.Т. Араб-мұсылман мәдениеті және Орталық Азия халықтары өміріндегі өзгерістер (VIII-XII ғ. басы) т.ғ.к., дис. Автореф. 07.00.03. –Алматы, 2002. 16 б.

«ДИУАНИ ЛУҒАТИ-Т-ТҮРК» ШЫҒАРМАСЫН АУДАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Әлібекұлы Ақжігіт¹
alibekuly_a@mail.ru

Аннотация. Мақалада Махмуд Қашқаридің генеологиялық шығу тегі, «Диуани лұғати-т-түрк» шығармасының әдебиетке қатыстылығы, қазақ әдебиеттану ғылымында зерттелуі, аударылу мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар шығармадағы әдеби жанрлардың көркемдігіне, тарихи шындығына назар аударылады.

Кілт сөздер: Қарахандар әулеті, диуан, сөздік, аңыз, жыр, жанр, аударма

Аннотация. В статье рассмотрены о генеалогическом происхождении Махмуда Кашкари, актуальности произведения «Дивани Лугати-т-тюрк» для литературы, его изучении в науке о казахском литературоведении, проблемах перевода. При этом обращается внимание на художественную и историческую достоверность литературных жанров в произведении.

Ключевые слова. Династия Караханидов, диван, словарь, легенда, песня, жанр, перевод.

¹ Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Шығыстану кафедрасының профессоры м.а., филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Астана, Қазақстан.

Abstract. The article deals with the genealogical origin of Mahmud Kashkari, the relevance of the work "Divani Lugati-t-Turk" for literature, its study in the science of Kazakh literary criticism, problems of translation. At the same time, attention is drawn to the artistic and historical authenticity of literary genres in the work.

Keywords. Karakhanid dynasty, divan, dictionary, legend, song, genre, translation.

Жүсіп Баласағұни, Махмуд Қашқари, Ахмет Иасауи, Ахмет Иүгнеки, Сүлеймен Бақырғани сынды дарабоз ғұламалар өмір сүрген қарахандықтар дәуірі түркі өркениетінде ерекше құрметке ие. Түркі қағанатынан кейінгі қарахандықтар билігі кезінде рухани-әдеби шығармалар көптеп дүниеге келе бастады. X-XII ғасырларда Ислам дінін қабылдаған кейбір түркі тайпаларынан шыққан ақындар имандылық жолын жырлап, адамгершілікке шақырды. Осы дәуірде ауызша тараған Оғыз дастаны мен Қорқыт жайлы аңыздар хатқа түсті. Көнеден жеткен түркі жырлары Махмуд Қашқаридің “Диуани лұғати-т-түрк” кітабына жинақталды. Біліктілік пен даналықты ту еткен Жүсіп Баласағұнның “Құтадғу білігі”, құдайды тануға үндеген Қожа Ахмет Иасауидің “Диуани хикметі”, тәлім-тәрбиеге мән беріп, ақиқатты жырлаған Ахмет Иүгінекидің “Хибат-ул-хақайқы” ислам өркениетімен ұштасып, жаңаша леп әкелді. Тәрбиелік мәні ерекше бұл шығармалар ұзақ ғасырлар өз құнын жоғалтпады. Өлең сөзді қадір тұтқан түркі жұртына Құран қағидалары мен шариғат шарттарын, Мұхаммед пайғамбардың адамгершілік пен имандылыққа толы хадистерін таратып, түсіндіруде поэзия жетекші құралға айналды. Әдебиеттің қоғамдағы әлеуметтік-моралдық құны арта түсті.

Түркі халықтарының тіліне, тарихына, әдебиетіне, өнеріне, жалпы, түркі мәдениетіне қатысты жазылған Махмуд Қашқаридің «Диуани лұғати-т-түрк» шығармасы түркология саласында орны ерекше. Ол түркі халықтарының әдеби, тарихи, мәдени мұрасының аса маңызды үлгісі ретінде бағаланады. Қашқаридің бұл еңбегін қарахандықтар дәуіріндегі басқа шығармалардан бөле-жара даралап қарастыруымыздың бірнеше себебі бар. Біріншіден, «Диуан» XI ғасырдағы түркі тайпаларының тілдік құрылымын, оның артықшылықтары мен ерекшеліктерін барынша нақты көрсеткен ғылыми түзілімі салмақты еңбек. Екіншіден, ол – сол дәуірдегі фольклорлық мұралар мен әдебиет үлгілерін тануда, түркі халықтарының тарихи және географиялық шеңберін анықтауда таптырмас дерек көзі. Үшіншіден, бұл еңбек арқылы ежелгі түркі тайпаларының дүниетанымы мен эстетикалық ерекшеліктері жөнінде де тұжырымдар түюге болады.

«Диуани лұғати-т-түрк» шығармасы түркі тілдерінің тілдік ерекшеліктерін, сөз жасау түзілісін, туынды және тудырушы сөздердің мән-мағнасын, қолдану аясын, бір мағыналы сөздің өзге түркі тайпаларында аталуын салыстыра қарастырған ғылыми лингвистикалық сөздік. М.Қашқари бұл еңбегінде құрғақ талдаумен ғана шектелмей әрбір сөзге түсіндірме жасағанда түркі тайпаларында қалыптасқан тұрақты сөз тіркестері мен фольклорлық өлең-жырлардан дәйектер келтіріп отырады. Қашқарлық автор түрік сөздерінің жинағын құрылысы мен мазмұнына сай сегіз кітапқа бөліп, «Хамза кітабы», «Сәлим кітабы», «Мудоаф кітабы», «Мысал кітабы», «Үш әріпті сөздер кітабы», «Төрт әріпті сөздер кітабы», «Ғунналылар кітабы», «Суқунді сөздер кітабы» деп жіктеген. Десе де, кітаптың өн бойында түркі халықтарының тарихынан, мәдениетінен, әдебиетінен мағлұмат беретін деректерді көптеп кездестіруге болады. Сондықтан да бұл жөнінде Х.Сүйіншәлиев: «Әсте, бұл кітапты тек тіл тарихы мүлкі деп қана ұғу жеткіліксіз. «Диуан» – сөздік қана емес, ол сонымен бірге XI ғасырдағы Орта Азия тайпалары жайлаған өлке халықтарының тарихы мен ол халықтардың әдебиеті үлгілерінен көптеген мәлімет берерлік маңызды дерек, тұңғыш әдеби жинақ. Әсіресе, мұнда халық ауыз әдебиетінің алатын орны өзгеше. «Диуанда» халықтың мәтел сөздері барынша мол қамтылған және олардың көбі қазір қолданылып жүрген сөздер» [Сүйіншәлиев 1986: 5] – деп Қашқари еңбегінің әдебиеттанудағы орнын айшықтайды.

Махмуд Қашқаридің шығу тегі, туған жері, өскен ортасы туралы ғылымда әлі де талас көп. Кейбір ғалымдар, әсіресе шығыс түркістандық зерттеушілер, шығарма авторының есіміне қосылған «Қашқари (Қашқарлық)» атауына қарап, оны Қашқар қаласында немесе соның маңайындағы Опал, Адығ, Касы елді мекендерінің бірінде туып-өскен деп жорамалдайды. Бұл атау «Дианның» алғысөзінде «*Тәлиф-и Махмуд бин әл-Хусейн бин Мұхаммед әл-Қашқари*» деп бір ғана жерде көрсетілген. Бірақ «Диан» авторы Қашқари есімін өзі қолданды ма әлде бізге жеткен жалғыз шығарманы көшіруші Мұхаммед бин Әбубәкір ибн Әбулфатх тарапынан алғысөзге қосылды ма бұл жағы осы уақытқа дейін белгісіз күйде қалуда. Себебі, сөздікте автор өзін әл-Қашқари деп көрсеткен емес. *Керісінше ол әкесі Барсхан қаласында туғандығын, Барсхан, Баласағұн, Шу қалалары туралы айтқанда «біздің жер», «біздің жайлау» деп жазады. Ал, Опал, Адығ, Касы туралы автор «біздің мемлекеттегі бір ауылдың атауы» деп анықтама береді.* Дегенмен ғылымда шығарма авторы Махмуд Қашқари есімімен танылды.

Махмуд Қашқари өзінің әкесі Ибраһим, атасы Мұхаммад екенін айта келіп, олардың әмір әулетінен шыққанын, ата-бабалары Саманилер жерін өз иеліктеріне қаратқанын жазып қалдырған. Қарахандықтар әулетінің тарихын зерттеушілердің соңғы пайымдарына жүгінсек, М.Қашқаридің дерегінде тарихи шындық бар екеніне көзіміз жетеді. Қағандық шежіре бойынша М.Қашқаридің арғы тегі **Білге Құл Қадыр ханға** барып тіреледі. Ол өзін қаған деп жариялап, билікті қолына алады. Білге Құл Қадыр хан өмірден озғаннан кейін балалары арасында билік үшін тартыс басталып, екі баласы негізгі күшке ие болады. **Базыр Арсылан хан** Баласағұнды, Оғылшақ Қадыр хан Таразға билік жүргізеді. Базыр Арсылан ханның баласы **Сатұқ Бұғра хан** Қарахандар әулетінің негізін салушы ретінде тарихта белгілі. Сонымен қатар ол түрік қағандарының ішінде алғаш мұсылмандықты қабылдаған және Түркістан мен Қашқар өңіріне Ислам дінін таратқан [Тәзкире-и Бұғра хан 2007: 51-56]. Сатұқ Бұғра хан қайтыс болған соң таққа ұлы Мұса отырады. Мұсадан кейін билікке оның баласы Әли Арслан хан келеді.

Сатұқ Бұғра ханның екінші ұлы **Сүлеймен хан** Мұсаның тұсында Баласағұн өңірінде билік жүргізген. Бұл жер кейін оның ұлы **Әбул Хасан (Харун) Қылыш Бұғра хан бин Сүлеймен** еншісіне өтеді. Ол тарихи еңбектерде Қылыш Бұғра хан деп те аталады. Қылыш Бұғра хан 990 жылы Исфинджабты (қазіргі Сайрам), 992 жылы саманилердің астанасы Бұхараны өзіне қаратады.

X ғасырдың соңында Сатұқ Бұғра ханның немерелері Әли Арслан хан мен Қылыш Бұғра хан ұрпақтарының арасы шиеленісіп, Қарахан мемлекеті шығыс қағандық және батыс қағандық болып екіге бөлінді. Туыстар арасында жерге талас, билікке ұмтылу күшейді. Қылыш Бұғра ханның баласы **Жүсіп Қадыр хан** Хотанды иеленді [Тәзкире-и Бұғра хан 2007: 77-90]. Жүсіп Қадыр ханның балалары Тоғұрыл хан мен **Мұхаммед Бұғра хан** Шығыс қағандықты он бес жыл билеген. Кейінгісінің иелігінде Тараз бен Исфинджаб қалалары болған. М.Қашқаридің тектік шежіресін түзушілер Мұхаммед Бұғра ханды ұлы ғалымның атасы деп көрсетіп, ал оның ұлы **Хусейн бин Мұхаммед Чагры Текин** Махмудтың әкесі деп дәлел келтіреді [Шюкрю Халюк Акалын 2010: 19]. Хусейн бин Мұхаммед Чагры Текин өз заманында Барсханды билеген әмір болған.

«Дианның» қолжазбасын алғаш рет Али Амири деген түрік ғалымы Стамбулдағы «Сахафлар чаршысы» базарынан сатып алған. Кейін бұл кітапты Қиластық Рифатқа (Рифат Білгеге) тапсырады. Рифат Білге қолжазбаның беттерін ретке келтіріп, қолжазба көшірмесін жасап, алғашқы екі томын 1915 жылы, үшінші томын 1917 жылы бастырып шығады. Осы кезден бастап Махмуд Қашқари еңбегін ғылыми тұрғыда зерттеу және оны басқа тілдерге аудару ісі қолға алынады.

Бұл еңбекті алғашқы зерттеушілердің қатарында қазақ оқымыстысы Халел Досмұхамедұлы да бар. Тіпті ол неміс ғалымы Броккельман, орыс ғалымы Бартольдтан бұрын «Шолпан» журналының 1923 жылғы 7-санында «Диуани лұғати-т-түрк» атты мақала жариялап, онда Махмуд Қашқари шығармасын ғылыми тұрғыда жан-жақты талдап жазады [Досмұхамедұлы 1923: 19-23]. Бір назар аударатын жайт, бұл мақала жазылғанша Еуропа және орыс түркологтары бұл еңбек туралы ешқандай зерттеу жарияламаған. Ол туралы Х.Досмұхамедұлы: «Махмуд Қашқаридің кітабына келгенде, бұл кітап туралы әзірге біз Еуропаның түрік тілі мамандарының пікірін естігеніміз жоқ. Бұл кітаптың бір нұсқасы академик Бартольдқа берілген екен. Бірақ, Бартольд бұл кітап туралы бір нәрсе жазған-жазбағанын білмедік» [Досмұхамедұлы 1923: 24], – деп көрсетеді.

Ташкенттен шыққан қазақ тіліндегі «Шолпан» журналының таралымы, танымалдылығы, қол жетімділігі аз болғандықтан және кеңестік империяның Алашорда зиялыларын қудалауы, олардың шығармалары мен ғылыми еңбектерін жариялауға, насихаттауға тыйым салуы кесірінен кейінгі ғалымдар тарапынан Х.Досмұхамедұлының есімі аталмай келеді.

XX ғасырда «Диуани лұғати-т-түрк» тіл, әдебиет, тарих, этно-фольклор тұрғысынан түрлі деңгейде зерттелді. К.Броккельман, Р.Данкофф, Б.Аталай, В.В.Бартольд, В.А.Гордлевский, Т.А.Боровков, Н.А.Баскаков, А.Н.Кононов, Т.М.Гарипов, М.Ш.Шералиев, А.М.Демирчизаде, С.Г.Кляшторный, А.Б.Халидов, С.Муталлибов, В.Решатов сынды әлемге аты мәшһүр түрколог-ғалымдармен қатар қазақ зерттеушілері де тілдік, әдеби, тарихи тұрғыдан жан-жақты қарастырды. Қазақтың тілші-ғалымдары Н.Т.Сауранбаев, С.А.Аманжолов, А.Н.Ысқаков, Ғ.Мұсабаев, Ә.Құрышжанов, Ә.Ибатов Махмуд Қашқари еңбегін тілдік тұрғыдан зерделесе, Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншәлиев, Н.Келімбетов сынды белгілі әдебиеттанушы-ғалымдар М.Қашқари сөздігінің әдебиетке қатыстылығына назар аударады.

Қазақ әдебиеттану ғылымында Махмуд Қашқаридің «Диуанын» жан-жақты зерттеуде, оның қазақ әдебиеті тарихына қосар үлесін анықтауда ғалым Ханғали Сүйіншәлиевтің үлесі зор. Кеңестік жүйенің елуінші жылдарында-ақ әдебиет тарихын тереңнен бастаған зерттеуші «Диуанның» тарихына, зерттелуіне қысқаша шолу жасап, әдеби құндылығына баса назар аударады. Сөздікте мысалға алынған мақал-мәтелдерге, қанатты сөздерге, түрлі аңыздарға, өлең үзінділеріне, ерлік жырларына, лирикалық шумақтарға, өлең құрылысына ғылыми тұрғыдан баға береді.

Қарахандықтар кезеңіндегі әдебиетті зерттеуде өзіндік орны бар ғалым Асқар Егеубаев 1997-1998 жылдары Махмуд Қашқаридің «Диуани лұғати-т-түрк» шығармасын тұңғыш рет қазақ тіліне толық аударып, ғылыми түсініктерін, зерттеуін жариялайды.

А.Егеубаев түрік халықтарының ғұлама ғалымы Қашқари еңбегіне өте тиянақты дайындықпен келді. Өткен ғасырдың сексенінші жылдардың ортасында Жүсіп Баласағұнидің «Құтадғу білігін» қазақшалап, дүйім қазақ жұртының ыстық ықыласына бөленген ол 1989 жылы «Құтадғу білік» дастаны және оның қазақ әдебиетінің дамуына идеялық-көркемдік ықпалы (Дәстүр, поэтика және аударма мәселелері)» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған. Зерттеуші-ғалым сол кездің өзінде-ақ қарахандықтар кезеңінің тіліне, әдебиетіне, мәдениетіне қызығып, тарихтың терең иірімдеріндегі мәдени және әдеби жәдігерліктерді зерттеуге толық бет бұрады. Асқар Құрмашұлы Ж.Баласағұни шығармасымен ғана шектеліп қалмай, сонымен қатар, сол кезеңдегі түркі халықтары туралы мол мағлұмат беретін М.Қашқаридің «Диуани лұғати-т-түрк» атты сөздігін де аударуға және ғылыми тұрғыда зерттеуге бел шеше кіріседі.

«Хант» баспасынан жарыққа шыққан 3 томдық «Диуани лұғати-т-түрк» сөздігінің қазақша аудармасынан бір жыл кейін «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірдегі көркемдік жүйесі» атты тақырыпта докторлық диссертация жазып шықты. Зерттеу нысаны – «Құтадғу білік» пен «Диуани лұғати-т-түрк». Поэтикалық құрылымы мен ғылыми жаратылысы ерекше бұл екі

туындының бітіміне ғалым аса ыждаһатпен қарайды. Сөздіктен көптеген мысалдар келтіріп, жазба мұра жалпы түрік халықтарына ортақ екендігін ғылыми тұрғыда дәлелдейді. Демек, түркітанушы-ғалым А.Егеубаев қарахандықтар дәуірінде жазылған қос мұраға жан-жақты дайындықпен әрі қажыр-қайратпен келген. Бұл жөнінде атақты тілші-ғалым, академик Рабиға Сыздықова: «Бұл еңбектер – бір-бірімен сабақтас, өзектес туындылар. Әуелі, Асқар Х-ХІІ ғасырлардағы түрік дүниесінің ең үлкен ескерткіштерін ана тілімізге аударды, аудару үстінде жинақталған материалдарды негізге ала отырып, олар туралы ғылыми монографиялар мен зерттеу кітаптарын жазып жарыққа шығарды. Уақыт жағынан да, мазмұндық ауқымы жағынан да өте көлемді, салмақты дүниелер. Оның үстіне сөз қадірін түсініп, танитын жазушы адамның талантты қолынан шыққандығы көрініп тұр. Сонымен осындай сүбелі ғылыми-шығармашылық еңбектерінің нәтижесінде қазақ мәдениеті мен әдебиетінің, тарихы мен тілінің алыс ғасырлар қойнауларындағы қымбатты қасиеттерін түзіп шықты. Қазір бұл еңбектерден байқалған бай деректерді әр саладағы ғылым мамандары еркін пайдаланып, ғылыми істе қолданып жүргендігінің куәсі болып отырмыз» [Сыздықова 2001: 5], – деп риясыз ақкөңілмен ақтарыла жазады.

«Диуани лұғати-т-түрк» сөздігін қазақшалаған кейбір тәржімалардан Асқар Егеубаев аудармасының көп ерекшеліктері бар. Біріншіден, еңбек тұтас күйінде алғаш рет толық аударылды. Асқар Егеубаевқа дейін қазақ зерттеушілері аталмыш еңбекті өзге тілдегі (өзбек, орыс, түрік т.б.) тәржімалары негізінде пайдаланып, әсіресе сөздік ішінде кездесетін өлең, жыр, мақал, мәтел үлгілерін қазақшалау кезінде көп жағдайда И.В.Стеблеваның еңбегіне арқа сүйеген. Екіншіден, аудармашы сөздіктегі ғылыми-анықтамалық зерттеуге тән сипаттардың сақталуына баса назар аударған. Араб тілінде жазылған сөздердің харакаларын (асты-үсті белгілерін) толық көрсетуге, түсіндірмелерді аударуда М.Қашқаридің өз мәнерінен (стилінен) ауытқымауға, кітаптың негізгі құрылымынан, түзілімінен, бітім-болмысынан алшақтамауға күш салған. Үшіншіден, сөздікті қазақшалау барысында ең алдымен әрбір сөздің араб әрпімен жазылған түркі тіліндегі нұсқасы берілген. «Диуани лұғати-т-түрк» араб әліпбиімен жазылғандықтан негізгі тірек осы болмақ. Одан кейін латын графикасымен сөздің транскрипциясы жасалған. Сонан соң қазіргі қазақ жазуында қолданып жүрген кирилл әліпбиімен оқылуын көрсетеді. Мысалы, «اکرم - EGRIM - ЕГРІМ: су жиылған жер. Иірім».

Десе де, сөзді транскрипциялау барысында кемшіліктер де кездеседі. Бұл әсіресе латын графикасымен транскрипциялауда анық байқалады. Мысалы, арабша жазылған يُكْرَمَان – деген сөзді латын әліпбиімен «JYGYRGEN» деп, қазақшалағанда «ИҮГҮРГЕН» деп жазған [Қашқари 2006: 79]. Немесе, قَرِي دеген сөзді латын жазуымен «ҚАЗЫ» деп, қазақшада «ҚАЗЫ» деп көрсеткен [Әдеби жәдігерлер 2007: 306]. Латын әліпбиін қолдану кезінде қазіргі қазақ жазуында пайдаланатын кирилл әріптерінің қосарлана жүруі аударма жұмысына айтарлықтай нұқсан келтіріп тұр. Бұл жөнінде Асқар Құрмашұлының өзі: «Латын әліппесімен жазылатын транскрипциялық мәтінде бірнеше әріпті қазақ әліппесінің бірнеше әрпімен алмастырдық. Бұл біріншіден, қазақ әліппесінің ыңғайына қарай, қазақ тілінің ерекшелігі ескеріліп жасалды. Екіншіден, қазақ оқырмандарына оңтайлы болу жағын ойластырдық. Соған қоса, қазақ тілі мен ежелгі түрік тілінің етене үйлесімділігін сезіну үшін де көп қызмет атқаратынын жасырмаймыз. Сөйтіп, транскрипциялағанда қазақ әліппесі ерекшелігіне орай ептеп болса да үйлестіру мүмкіндігін есте ұстадық. Әрі сөздікті қазақ оқырмандарының тез түсініп, оңтайлы қолдануын ойладық» [Қашқари 2006: 25], – деген жолдармен түсіндірсе де әлем ғалымдары мойындаған, батыс ориенталистері мен түркологтары қабылдаған латынша транскрипциялау дәстүріне кирилл әріптерін енгізуі сәтті шыққан деп айта алмаймыз. Себебі, А.Егеубаев аудармасы қазақ оқырмандарына арналғанымен де түркологияға қосылған зор үлес. Бұл үлесті жалғыз қазақ қана пайдаланбайды, сонымен қатар, «Диуанды» зерттеген кез-

келген шетел ғалымдары да қолдарына алып көруі бек мүмкін. Егер олар араб жазуымен жазылғанды танымаса латынша-кирилше транскрипцияны түсінуі қиынға соғары анық.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Сүйіншәлиев Х.Ж., «Диуани лұғати ат түрік». - Алматы, Қазақ университеті, 1986. 118 б.
2. Тәзкіре-и Бұғра хан. Көне түркі тілінен аударған: С.Қосан. – Алматы, «Толағай», 2007. – 288 б.
3. Шюкрю Халюк Акалын. Махмуд Кашгари и Диван лугат ат-тюрк: Тысячу лет назад Тысячу лет спустя. // перевод – Джаштегин Тургунбаер. – Анкара, Турк Дил Курумы, 2010. С. 160.
4. Досмұхамедұлы Х. Диуани лұғати-т-түрк // «Шолпан» журналы, - Ташкент, 1923. - № 6-8. – б. 19-29.
5. Сыздықова Р. Сөз қадірі // «Алматы ақшамы» газеті, 19.05.2001 ж.
6. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай.– Алматы: «Сөздік-Словарь», 2006. 376 бет.
7. Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 4-т. М.Қашқари Түрік сөздігі / Көне түркі тілінен аударып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Қ.Егеубай.– Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2007. 608 бет.
8. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай.– Алматы: «Сөздік-Словарь», 2006. 376 бет.

СИНЬЦЗЯНДАҒЫ БОСҚЫНДАР: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ШЕШІМДЕРІ

Ильясова Күлпаш Мырзамұратқызы¹,

kulpash_66@mail.ru

Ильясов Дархан Мырзамұратұлы².

ilyasov73@mail.ru

Аннотация. Мақалада Ресей империясының 1916 жылғы 25 маусым жарлығына байланысты мұсылман босқындарының (қазақ, қырғыз, өзбек, дүнген) Қытайға үдере көшуі, соның салдарынан Қытайда және оған шекаралас Жетісу облысында орын алған тәртіпсіздіктер мен қайғылы оқиғалар, Жетісудағы қазақ-қырғыздардың мүшкіл жағдайы, босқындарды Қытайдан қайтару тәсілдері, бұл мәселелерді шешу жолдары, нәтижелері 1917-1918 жж. шақырылған облыстық қазақ съездері және Түркістан аймағы қазақ-қырғыздарының жалпы жиналысында қабылданған қаулы-қарарлар мен шешімдер арқылы беріледі. Жетісу босқындарын Қытайдан қайтару тәсілдерінің 1917-1918 жылдары шақырылған Қазақ съездері

¹ Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Шығыстану кафедрасының профессоры м.а., тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Астана, Қазақстан.

² Т. Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінің мұғалімі, Қызылорда, Қазақстан.